ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
Қызылорда облысы
Қызылорда қаласы
"ҚЫЗЫЛОРДА ЖОЛДАРЫ"
Жауапкершілігі шектеулі серіктестігі
120008, Қызылорда қаласы
Оңтүстік өнеркәсіптік аймақ
Мостовая көшесі, нөмірсіз
Тел.(7242) 21-41-52, 21-41-80
Факс.(7242) 21-42-10

[redacted]

REPUBLIKA OF KAZAKHSTAN
Kyzylorda region
Kyzylorda town
"KYZYLORDA ZHOLDARY"
Limited liability partnership
120008, Kyzylorda town
Uznaia promzona
Mostovia b/n
Tel.(7242) 21-41-52, 21-41-80
Fax.(7242) 21-42-10

Эл.почта: kyz_zholdary@mail.ru

№ 254
"08" 04 2019г.

Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі
ішкі мемлекеттік аудит комитетінің
Қызылорда облысы бойынша
ішкі мемлекеттік аудит Департаментіне

«Қызылорда жолдары» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі *(бұдан әрі-Серіктестік)* «Жаңақорған ауданының мемлекеттік сатып алу бөлімі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің ұйымдастыруымен өткізілген №3098774-1 мемлекеттік сатып алу конкурсына № 24737737-ОК лоты бойынша қатысқан.

Конкурстық комиссияның 04.04.2019 жылғы қорытындылар туралы хаттамасына сәйкес № 24737737-ОК лоты бойынша «Азрет-жол құрылыс» ЖШС-і жеңімпаз *(бұдан әрі Жеңімпаз)* болып танылған.

Конкурс жеңімпазын анықтауда комиссия тарапынан бірқатар өрескел заң бұзушылықтарға жол берілгендіктен қорытындылар туралы хаттама заңсыз деп танылуға жатады.

Атап айтқанда, Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2015 жылғы 11 желтоқсандағы №648 бұйрығымен бекітілген «Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларының» *(бұдан әрі – Қағидалар)* 150-тармағының 1- тармақшасы бойынша, конкурсты жариялаған мерзімнен кейін веб-портал арқылы алынған салық төлеушінің салық берешегінің жоқ (бар) болуы туралы, міндетті зейнетақы жарналары, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары мен әлеуметтік аударымдары бойынша берешегінің мәліметтерін ұсынбаған әлеуетті өнім беруші (конкурсқа қатысушы болып танылған) конкурсқа жіберілмейді.

Жеңімпаздың конкурстық құжаттамасында көрсеткен салық берешегінің жоқ (бар) болуы туралы, міндетті зейнетақы жарналары, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары мен әлеуметтік аударымдары бойынша берешегінің мәліметтері веб-портал арқылы алынбаған.

Сонымен қатар Қағидалардың 174 - тармағына сәйкес егер әлеуетті өнім берушінің жұмыстарға арналған қатысуға өтінімнің бағасы техникалық-экономикалық негіздемеде (жобалау-сметалық құжаттаманы даярлау үшін) және Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес

сараптамадан өткен жобалау-сметалық құжаттамада (жалпы пайдаланудағы автомобиль жолдарын орташа жөндеуге арналған техникалық құжат) көрсетілген бағадан он пайыздан астам төмен болған жағдайда, ол демпингтік болып танылады.

Қорытынды бойынша хаттамадан Жеңімпаздың аталған заң талаптарын бұзып, көрсетілген бағадан он пайыздан астам төмен баға ұсынғаны көрінеді *(15.045.481 / 13.539.431 теңге)*.

Жоғарыдағылардың негізінде, конкурс қорытындыларының заңдылығына тексеру жүргізіп, заң тұрғысынан әділ баға беруді сұраймын.

«Қызылорда жолдары» ЖШС-ң
бас директоры А.Шоманов